

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
КеАҚ тәуекелдерді басқару процесінің ағымдағы жай-күйі туралы
2025 жылғы 2-тоқсанға арналған
ЕСЕП**

Қарағанды 2025

Мазмұны

1. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру	3
1.1. Тәуекел-менеджментті корпоративтік басқару жүйесіне интеграциялау бойынша жалпы мәліметтер	3
1.2. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі жоспарланған іс-шараларды іске асыру туралы ақпарат.....	5
2. Іске асқан түйінді тәуекелдер бойынша ағымдағы жағдайды талдау.....	7
2.1 Іске асқан түйінді тәуекелдер және ден қою шаралары	7
2.1 Іске асқан тәуекелдерді «5 WHY» әдісі бойынша талдау	9
Қорытынды	11

1. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру

1.1. Тәуекел-менеджментті корпоративтік басқару жүйесіне интеграциялау бойынша жалпы мәліметтер

Тәуекел-менеджментті корпоративтік басқару жүйесіне интеграциялау шеңберінде 2025 жылғы 2-тоқсанда келесі жұмыстар орындалды:

1. Макроорта факторларын талдау және мүдделі тараптар картасын жасау мақсатында 2025 жылғы 2-тоқсанда PESTEL-талдау жүргізіліп, мүдделі тараптар картасы жасалды.

Жұмыстардың бірінші кезеңінде мүдделі тараптардың ықпалы мен маңыздылығын атрибуттар негізінде бағалау орындалды: Ықпал, Легитимділік, Шұғылдық.

Мүдделі тараптардың маңыздылық дәрежесін есептеу

Есептеу кері байланысты; Қоғам бастамаларына қатысуды; дағдарыстық жағдайлардағы әрекеттерді; жарияланымдарды, мәлімдемелерді және Қоғамның басқару органдарына қатысуды талдау ескеріле отырып жүргізілді.

Қоғам қызметіне әсер ету дәрежесінің критерийлері әзірленді (бағалау әрбір критерий бойынша 1-ден 5-ке дейін жүргізіледі):

- ЖОО саясатын немесе бағдарламалар құрылымын өзгерту қабілеті;
- әкімшілік және реттеушілік рөл;
- Қоғамның мүдделі тарапқа экономикалық тәуелділігі;
- кері байланыстың маңыздылығы.

Макроортаның ең маңызды және тұрақсыз факторларын анықтау үшін сараптамалық панель әзірленді. Макроортаны талдау кезінде мүдделі тараптардың пікірлеріне басымдық беру маңыздылық диапазонына (D) негізделген: D көрсеткіші жоғары (≥ 5) мүдделі тараптар сараптамалық панельге енгізіледі.

Екінші кезеңде сарапшылар үшін бағалау парақтары жасалды. Бағалау парақтарына макроорта факторларының тізбесі енгізілді, оны сарапшылар ықпал ету дәрежесі және туындау ықтималдығы тұрғысынан бағалады. Бағалауға төмендегі сарапшылар тартылды:

PESTEL-талдау шеңберінде сараптамалық сауалнама жүргізуге арналған мүдделі тараптар тізбесі

№	Мүдделі тарап	Сарапшы туралы мәліметтер		
		Т.А.Ә.	Жұмыс орны	Жұмыс өтілі / курс
1.	ҚР ҒЖБМ	Калкаманов Серік Карбаевич	ҚР ҒЖБМ Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры	10 жылдан астам
2.	КУ кәсіпорындары және өзге жұмыс берушілер	Лепехов Д.А.	«KAZPROMAVTOMATIKA» ЖШС техникалық директоры	15 жылдан астам

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

3.	ПОҚ	Готтинг Валентина Владимировна	ҚарТУ, АНКИСГД	15 жылдан астам
4.	ӘБП, ОКП және университеттің өзге қызметкерлері	Кожухова Мадина Муратовна	ҚарТУ, АЮД	20 жылдан астам
5.	ПОҚ және университет қызметкерлерінің кәсіподағы	Алпысбаева Назым Аманғазиевна	ҚарТУ, Кәсіподақ комитеті	40 жылдан астам
6.	Студенттер (бакалавриат)	Студенттер бойынша жиынтық (19)	ҚарТУ	барлық курстар
7.	Магистранттар	Магистранттар бойынша жиынтық (72 адам)	ҚарТУ	барлық курстар
8.	Докторанттар	Докторанттар бойынша жиынтық (55 адам))	ҚарТУ	барлық курстар
9.	ҒЗЖ саласындағы қызметтерді тұтынушылар	Директор, Әрінұлы Жанат	«Global light ltd» ЖШС	10 жылдан астам
10.	Аккредиттеу, рейтингтік, аудиторлық ұйымдар	Искакова Гүлнар Қожагуловна	Стратегиялық даму жөніндегі кеңесші, «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесі (НААР)	40 жылдан астам
11.	Әлеуетті инвесторлар	Каюмов Дамир Ирекович	«Light Engineering LLP» ЖШС	20 жылдан астам
12.	ЖАО	Айсұлу Ерниязова	Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы	5 жылдан астам
13.	Атқарушы және заң шығарушы органдар	Шнель Владимир Александрович	Қарағанды облыстық мәслихаты	30 жылдан астам

Әрбір фактор бойынша өзгерістер болжамын ескере отырып, орташа өлшенген мән ($N_{орт} \geq 3,8$) негізінде макроэкономикалық ортаның ранжирленген факторлары бар PESTEL-талдаудың қорытынды матрицасы жасалды.

Талдаудың алынған нәтижелері негізінде макроортаның ең тәуекел тудыратын факторлары ретінде ғылыми-технологиялық факторлар (орташа ранг – 4,01) бөлініп көрсетілді; макроорта факторлары мен әлеуетті тәуекелдер атауларының арақатынасы айқындалды, тәуекел иелерімен одан әрі жұмыс істеу үшін тәуекел факторлары тобы анықтала отырып, тәуекелдер жіктеуіші жаңартылды.

2. 2025 жылғы қарашаға университеттің 23 қызметкерін «ISO 31000:2018 сәйкес тәуекелдерді басқару процесін қолданыстағы процестерге, оның ішінде шешім қабылдау процесіне интеграциялау» тақырыбы бойынша оқыту жоспарланды.

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

1.2. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі жоспарланған іс-шараларды іске асыру туралы ақпарат

№	Іс-шара атауы	Орындау мерзімдері	Жауапты	Нәтиже
1.	Ықтимал тәуекелдерді анықтау үшін макроорта факторларын бағалау	2025 жылғы сәуір-маусым	Тұрақты даму орталығы, тартылған сарапшылар	Түйінді тәуекелдер тізбесі өңделді Құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдері жүйеге енгізілді, тәуекелдерді салдары мен ықтималдығы бойынша бағалауға талдау жүргізілді
2.	Тәуекел иелерінің тәуекелдердің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі іс-шаралар тиімділігі туралы өзіндік есептерін талдау. 1-тоқсанға арналған тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп	2025 жылғы маусым	Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор, Тұрақты даму орталығы	Тәуекел иелерінің тәуекелдердің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі іс-шаралар тиімділігі туралы өзіндік есептеріне талдау жүргізілді. Инцидентті алдын алу шараларымен байланыстыруды қалыптастыру қажеттілігі анықталды
3.	Сыртқы ортадан туындайтын қатерлерді талдау негізінде инциденттер тізілімін әзірлеу	2025 жылғы маусым	Тұрақты даму орталығы, Инновациялық технологиялар департаменті	Сыртқы ортадан туындайтын қатерлерді талдау негізінде инциденттер тізілімін әзірлеу
4.	Тәуекелдердің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын өзектендіру	2025 жылғы маусым	Тұрақты даму орталығы, тәуекел иелері	АСУР-да алдын алу шараларын қамтитын бөлімдерді өзектендіру жұмысы жүргізілді, іс-шаралардың нәтижелілігін талдау үшін орындалуы туралы есептерді толтыру мүмкіндігі қосылды. Құрылымдық бөлімшелер бойынша түсіру шаблоны дайындалды
5.	Қолданыстағы тәуекелдерді мониторинг нәтижелері және тіркелген	2025 жылғы маусым	Тұрақты даму орталығы	Қолданыстағы тәуекелдерді мониторинг нәтижелері және тіркелген инциденттер

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
 2025 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

	инциденттер саны бойынша қайта бағалау			саны бойынша қайта бағалау ұзақ мерзімді кезеңде қайталанатын инциденттерді талдау қажеттілігіне байланысты 4-тоқсанға ауыстырылды (екі тоқсандағы инциденттерді салыстыру)
--	---	--	--	---

2. Іске асқан түйінді тәуекелдер бойынша ағымдағы жағдайды талдау

2.1 Іске асқан түйінді тәуекелдер және ден қою шаралары

Тәуекел атауы	Тәуекел факторы	Тәуекел сипаттамасы	Инциденттерді сәйкестендіру көзі	Тәуекелдің іске асу салдары	Реактивті іс-шаралар
QS халықаралық рейтингіндегі позициялардың төмендеу тәуекелі	QS рейтингі әдіснамасының өзгеруі (жаңа индикаторлардың қосылуы), рейтингтің халықаралық қатысушылары санының артуы,	Түйінді көрсеткіштердің: академиялық бедел, ғылыми жарияланымдар, дәйексөзділік, халықаралық белсенділік және т.б. нашарлауы салдарынан университеттің QS World University Rankings жүйесіндегі рейтингтік позицияларының төмендеуі.	Рейтинг қорытындылары: QS WUR факт-файлы	Туындаған салдарлар: 1. Ректор мен стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректордың KPI-ін толық орындамау: «2029 жылға қарай QS халықаралық рейтингіндегі позицияларды 651+ деңгейіне дейін нығайтуды қамтамасыз ету» (тоқсандық жоспар: 801+, тоқсандық факт: 951+) Ықтимал салдарлар: 1. Университеттің халықаралық танымалдығының әлсіреуі. 2. Шетелдік студенттер мен серіктестердің жекелеген санаттары тарапынан қызығушылықтың тежелуі. 3. Білім беру бағдарламаларының сыртқы көрінуінің шектелуі.	1) Университеттің QS-тегі бәсекелік позициясын талдау 2) Декандар мен кафедра меңгерушілерінің тиімділігін бағалау жүйесіне QS-пен байланысты KPI енгізу 3) Университеттің стратегиялық бастамаларының түйінді QS-индикаторларына сәйкестік матрицасын қалыптастыру
ПОҚ-тың түрлі академиялық қызмет түрлерінен қосымша табыстарының өспеу тәуекелі	ПОҚ-тың біліктілікті арттыру бағдарламаларына, тіл курстарына, ЦБР әзірлеуге қатысуға төмен уәждемесі	Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жобаларға, гранттарға, жарияланымдық белсенділікке, ақылы білім беру қызметтеріне және басқа академиялық қызметке қатысуы есебінен табыстарының	Басқарма мүшелерінің 2025 жылғы 2-тоқсандағы KPI орындалуы туралы есеп.	Туындаған салдарлар: 1. Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректордың 2025 жылғы 2-тоқсанда KPI-ді 12,5%-ға толық орындамауы (орындалған көлем – 87,5%): «ПОҚ кірістерін (ЦБР, біліктілікті арттыру, ЛПВ, тіл курстары, IELTS, атаулы шәкіртақылар) 2024 жылғы 3 200 мың теңге/адамнан 2026 жылға қарай 6 000	1) KPI есепке алу және мотивация бағдарламасын жетілдіру • Жоғары нәтижелі қызметкерлерді ынталандыруды қоса алғанда, сараланған мотивациялық пакеттерді күшейту (Кешенді даму бағдарламасы туралы ережені қабылдау, ПОҚ-тың сараланған еңбекақысын төлеу критерийлерін қайта қарау).

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

		болмауы немесе жеткіліксіз өсуі.		мың теңге/адамға дейін арттыру» (тоқсандық жоспар: 1 500 мың теңге/адам, тоқсандық факт: 1 311 мың теңге/адам) Ықтимал салдарлар: 1. ПОҚ-тың ғылыми, әдістемелік, жобалық және гранттық жұмысқа қатысуға уәждемесінің төмендеуі. 2. Негізгі міндеттер шеңберінен тыс қосымша жүктемеден немесе белсенділіктерден бас тарту.	2) Алдағы академиялық кезеңге қосымша білім беру шеңберіндегі курстар тізбесін жасау. 3) Біліктілікті арттыру курстарын өткізу үшін сағаттық ақы төлеу шеңберінде ПОҚ жұмысы сағатының құнын арттыру
Қызметкерлердің еңбек өнімділігінің төмендеу тәуекелі	Есепті кезеңде университеттің серіктестерден (оның ішінде ақылы негізде оқытындар бойынша), сондай-ақ ГФ, ПЦФ, ХД бойынша кірістерді толық алмауы	Университеттің 2025 жылғы 2-тоқсанда қажетті кіріс деңгейіне қол жеткізбеуі.	Басқарма мүшелерінің 2025 жылғы 2-тоқсандағы КРІ орындалуы туралы есеп.	Туындаған салдарлар: 1. Басқарма төрағасы – ректордың 2025 жылғы 2-тоқсанда КРІ-ді 12,2%-ға толық орындамауы (орындалған көлем – 87,8%): «Қызметкерлердің еңбек өнімділігін 2024 жылғы 8 200 мың теңге/адамнан 2029 жылға қарай 12 200 мың теңге/*адамға дейін арттыру» (тоқсандық жоспар: 2 175 мың теңге/адам, тоқсандық факт: 1 910 мың теңге/адам) Ықтимал салдарлар: 1. Қоғамның еңбек өнімділігі бойынша белгіленген көрсеткішке жалпы қол жеткізбеуі 2. Ағымдағы және жобалық міндеттемелерді орындаудың баяулауы	1) Оқытуға арналған кепілдік хаттар бойынша кәсіпорындармен және ұйымдармен жұмысты жандандыру 2) Білім беру, ғылыми және әлеуметтік-тәрбие қызметінен кірісті арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру: • Қосымша білім беру бағдарламаларының тізбесін кеңейту және КУ кәсіпорындарын курстарға қатысуға тарту • ГФ, ПЦФ-қа өтінімдер беру

2.1 Іске асқан тәуекелдерді «5 WHY» әдісі бойынша талдау

1. QS халықаралық рейтингіндегі позициялардың төмендеу тәуекелі

1 WHY	2 WHY	3 WHY	4 WHY	5 WHY
Рейтингтің халықаралық қатысушылары санының артуы	1. Жаңа қатысушылармен салыстырғанда қолайсыз позициялар 2. Ғылым бойынша халықаралық көрсеткіштердің жеткілікті жоғары болмауы	1. Халықаралық коллаборациялардың, оның ішінде академиялық сарапшыларға сауалнама жүргізу бойынша жеткіліксіздігі; ғылым саласында дәйексөзділік деңгейінің жеткіліксіздігі; шетелдік студенттер мен ПОҚ санының жеткіліксіздігі	Академиялық сарапшыларды қамту географиясының жеткіліксіздігі, шетелдік студенттер мен ПОҚ-ты көбірек тарту қажеттілігі	Қамту географиясын кеңейту қажеттілігі
	3. Жұмыс берушілер белсенділігінің жеткіліксіздігі	Мәлімделген санмен салыстырғанда сауалнамадан өткен жұмыс берушілер санының жеткіліксіздігі	Сауалнама кезінде жұмыс берушілер белсенділігін тексеру мониторингінің тиімсіздігі	Жұмыс берушілердің сауалнамадан өтуін мониторингтеу жүйесінің тиімділігінің жеткіліксіздігі

Жұмыс берушілердің сауалнамалардан өтуіне күшейтілген мониторинг, сондай-ақ қамту географиясын кеңейту талап етіледі. Реактивті іс-шаралар шеңберінде іске асырылатын шаралар жұмыс берушілердің сауалнамадан өту кезіндегі белсенділігімен байланысты теріс ықпалды төмендетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, халықаралық келісімдер бойынша жұмысты жандандыруға және алыс шетелден жаңа серіктестерді тартуға бағытталған іс-шаралар ұзақ мерзімді сипатқа ие. Осыған байланысты келесі күнтізбелік жылы тәуекелдің қайта туындау ықтималдығының елеулі төмендеуі болжанбайды.

2. ПОҚ-тың түрлі академиялық қызмет түрлерінен қосымша табыстарының өспеу тәуекелі

1 WHY	2 WHY	3 WHY	4 WHY	5 WHY
Қосымша академиялық қызмет түрлеріне қатысатын ПОҚ санының жеткіліксіздігі	ПОҚ-тың табыс әкелетін академиялық қызметке қатысуына кіріктірілген мотивацияның болмауы	Қатысу уақыт пен күш-жігер тұрғысынан жеткілікті дәрежеде өтелмейтін қосымша жүктеме ретінде қабылданады	1. Іске асырылатын курстар тақырыптарының жеткіліксіз әртүрлілігі 2. ПОҚ-тың сағаттық ақысының төмен құны 3. Сараланған ақы төлеу шеңберіндегі балдардың жеткіліксіздігі	-

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

Реактивті және алдын алу іс-шаралары сараланған мотивациялық пакеттер, алдағы академиялық кезеңге қосымша білім беру шеңберіндегі курстар тізбесін кеңейту арқылы КРІ есепке алу және мотивация бағдарламасын жетілдіруге, бұрын курстар өткізуге қатыспаған ПОҚ-ты тартуға, сондай-ақ сағаттық ақы төлеу шеңберінде сағат құнын өсіруге бағытталуы тиіс.

Сонымен қатар, ұжыммен түсіндіру кездесулерін ұйымдастыру, кафедра меңгерушілері арқылы жұмыс істеу есебінен ПОҚ пен қызметкерлердің қолдау және ынталандыру бағдарламалары туралы ақпараттандырылу деңгейін арттыру қажет.

3. Қызметкерлердің еңбек өнімділігінің төмендеу тәуекелі

1 WHY	2 WHY	3 WHY	4 WHY	5 WHY →
Университет кірісі/штат формуласы бойынша еңбек өнімділігінің төмен деңгейі	2-тоқсанда кірістер бойынша қаржы ағындарының жеткіліксіздігі	Кірістердің негізгі өсуі ГФ, ПЦФ конкурстары мен талапкерлерді қабылдау қорытындылары бойынша байқалады	Мүдделі тараптардың міндеттемелер бойынша төлемді уақытылы жүргізеуі Кіріс алудың әлеуетті көздерін жеткіліксіз қамту	-

Әлеуетті кіріс көздерін талдау, фандрайзинг және эндаумент-қор құру бойынша қызметті жандандыру (ІНҚ әзірлеу), қосымша білім беру бағдарламаларының тізбесін кеңейту және КУ кәсіпорындарын курстарға қатысуға тарту талап етіледі.

Қорытынды

Іске асқан тәуекелдерді талдау 2025 жылдың екінші тоқсанында университет үшін 5 түйінді тәуекелдің ең елеулі болғанын көрсетті. Іске асқан тәуекелдер өзара байланысты және бәсекелестік, рейтингтер әдіснамаларын жаңарту және ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы құрылымдық және институционалдық сын-кәтерлерді көрсететін бірыңғай қауіптер контурын қалыптастырады.

Университеттің өзіндік көрсеткіштері өскеніне қарамастан, халықаралық бәсекелестік орта едәуір күрделене түсті, бұл университеттің QS рейтингіндегі позициясының регрессіне алып келді. «5 Why» әдісін қолдану халықаралық коллаборациялар географиясын кеңейту бойынша белсенділіктің жеткіліксіздігімен, сондай-ақ жұмыс берушілердің QS сауалнамасына қатысуына бақылаудың төмендігімен байланысты себептер кешенін анықтады. Реактивті шаралар ұзақ мерзімді әсерге ие, сондықтан алдағы кезеңге арналған болжамда ағымдағы теріс динамиканың сақталу тәуекелдері бар.

ПОҚ-тың қосымша табыстарының жеткіліксіз өсу тәуекелі де іске асу үрдісін көрсетті. Ықтимал себептер ретінде қосымша білім беру бағдарламаларына, қашықтықтан курстарға, гранттық және жобалық қызметке қатысуға төмен мотивация болжанады. Жоспарланып отырған түзету іс-шаралары кафедралармен белсенді өзара іс-қимыл және мотивация тетіктерінің ашықтығын арттыру шартымен жағдайдың тұрақты жақсаруына ықпал ететін болады.

Серіктестерден қаржы ағындарының кешігуіне байланысты жоспарлы кірістерге қол жеткізбеумен байланысты қызметкерлердің еңбек өнімділігінің төмендеу тәуекелі маңызды болып қала береді және сондай-ақ теріс үрдісті көрсетеді. «5 Why» әдісі бойынша құрылымдық талдау себептер ретінде кіріс көздерінің жеткіліксіз әртараптандырылуы, жыл ішінде ақша қаражаты түсімдерінің біркелкі болмауы әрекет етуі мүмкін екенін көрсетеді. Фандрайзингті, эндаумент-қорды дамыту және индустриялық серіктестерді қосымша білім беру бағдарламаларына кеңірек тарту қажеттілігі ерекше назар аударуды талап етеді.

Тұтастай алғанда, тәуекелдердің басқарылу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланады, алайда түйінді стратегиялық тәуекелдер бойынша теріс үрдістердің сақталуы проактивті тәуекел-менеджментті күшейтуді, мотивациялық құралдарды неғұрлым тығыз интеграциялауды, халықаралық серіктестіктерді дамытуды және түзету іс-шараларының орындалуына жүйелі бақылауды талап етеді.